



А И К Ы І Н

АЛТЫН СҮЙГЕН АЗАДЫ, ХАЛҚЫН СҮЙГЕН ОЗАДЫ



(академик Ғалым Мұтанов жайлы сыр-десте)

Әдетте, Шолпан жұлдызының бір беті ғана көрінеді, ал екінші беті жердегілерге құпия, ол жеті ғасырда бір-ақ мәрте жарқ етеді. Жарық дүние деп аталатын мына өткінші жалғанның да біз біліп болмаған сондайлық құпиясы соншалық көп. Жарық дүние мен табиғаттың жарты жаңқадай ғана болса да, киелі бір бөлшегі адам жаны әлемнен де күрделі. Егер ол адам талантты, қанатты болса, ол күрделілік одан сайын ұлғайып, қиындай түседі.

Табиғат пен талант ертеден егіз. Есімі мен еңбегі елімізде ғана емес, алыс, жақын шетелдерге де мәшһүр алтындай аз, алмастай асыл, тұғыры биік тұлға жайлы жазудың қиындығы мен қызықтылығының бір сыры осында болар, бәлкім.

Осындай сырты нұрлы, іші сырлы біртуар азамат Ғалым (Ғалымқайыр) Мұтанов есімімен таныстығым өткен ғасырдың екі мыңыншы жылы қаңтар айының 12 жұлдызында басталды. Сол күні мен 60 жаста едім. Мерейтойыма орай кең байтақ Қазақстан мен әлемнің әр қиырынан көптеген құттықтау алдым. Сол құттықтаулардың бірі Солтүстік Қазақстан университетінің сол кездегі ректоры Ғалым Мұтановтан келіп еді. Оны көрмесем де сырттай білуші едім. Жаксының өзінен бұрын аты жеткен. Жалындаған жас жігіт, алғыр ғалым. Алымды қайраткердің ғылымдағы табысы мен ұйымдастырушылық қабілеті жайлы жақсы лебіздер Солтүстіктен Оңтүстікке – Алматыға да жетіп жатты. Содан бері Ғалым Мұтановтың үндемей жүріп үлкен істер тындырғанына қанық боп, сырттай тілекші болып жүрдім. Ректорлықтан министрдің бірінші орынбасары болған кездегі жаңашылдығы

жайлы газеттер жарыса жазып жатты.

Ғалым бауырыммен жүздесіп, жақын танысқаным – ол әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне ректор болып тағайындалғаннан кейін...

Өмір өте күрделі. Күнделікті күйбең тірлікпен жүргенде көп нәрсенің сыры мен қырына терең бойлай бермейсің. Кімнің кім екенін басыңа бұлт үйіріліп, қиналған шақта білесің.

Өмір – тәтті, тағдыр – қатты. Тас кедергі тағдыр кімді аяған?! Мені де аяған жоқ. 2013 жылы, тамыз айының 17 жұлдызында өмірлік серігім Құралай және жанашыр жақындарым күтпеген жерден аса ауыр қайғыға душар болдық. Жанып тұрған жас оғлан, аса талантты ұлым Данияр небәрі 21 жасында үйлену тойы басталар сәтте кенеттен қайтыс болды. Адамның азаматтығы қиын кезде танылмай ма?! Сол бір қара жамылып, қайғыдан қан құсқан шақта жанымыздан табылып, жанар толы жасты өзгеше мейіріммен сүрткен қайырымды жанның бірі – осы Ғалым Мұтанов еді.

Сексен екі жылдық тағылымға толы тарихы бар ҚазҰУ-ді Кеңес үкіметі кезінде Асқар Закарин, Темір Дарханбаев сынды кемел ойлы, кең құлашты қайраткерлер басқарып, біраз жетістіктерге жетті. Ұлттың ұлы мақтанышына айналған аса қарымды қайраткер Өмірбек Жолдасбеков ректор болған жылдары университет бұрынғыдан бетер гүлденіп, жасарып жайнай түсті. Білім беру саласындағы толымды табыстар, университет қалашығының салынуы Өмірбек Жолдасбековтың ақыл-парасатының ұйымдастырушылық қабілеттілігінің, азаматтық белсенділігінің, біліктілігінің жемісі мен жеңісі! Университеттің онан кейінгі басшыларының осалы жоқ, олардың әрқайсысы өз қарым, қабілеттеріне сай жұмыс істеді. Өз жолы, өзгеше өнегесі бар, бүкіл қазақстандықтардың назарындағы айтулы білім ордасына ректор болып тағайындалған Ғалым Мұтановтың алдында білім кеңістігін кеңейту, жаңа, биіктерге көтерілу міндеті тұрды. Арада он жыл өткеннен кейін сол аса қиын міндеттердің абыроймен атқарылған, ҚазҰУ-дің жұлдызы биіктен жарқырай жанғанын көріп, қуандық. Соған дәлел мың мысалдың бір мысқалы – ҚазҰУ Халықаралық университеттер ассоциациясына кірген Қазақстандағы алғашқы жоғары оқу орны. Бес жүзге жуық шетелдік университетпен ынтымақтастық туралы келісім жасасып, студенттерге, ұстаздарға шет мемлекеттермен тәжірибе алмасуға жағдай жасап отырған әл-Фараби университеті әлемдегі аса айтулы 200 университеттің сапында.

Ұлы ғұлама әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің әлем таныған керемет кермиық келбетін кестелеуге осы ұйымшыл ұжыммен бірге ректор Ғалым Мұтанов қосқан үлес аса салмақты. Айтуға оңай болғанмен, жүзеге асуы қиын жеке мұражай, 300 адамдық интернет орталығы, ТМД-дағы үлкен кітапхана ғимараты, тағысын тағылар – тынымсыз жасалған тындырымды еңбек жемісі.

«Сен дүние есігін ашқанда жылап келдің, басқалар қуаныштары қойындарына сыймай күліп қарсы алды. Кейін өзің бұл жалғаннан күліп кетіп, басқалар жылайтындай өмір сүр» дейді қытай ғұламалары. «Всегда выбирайте самый трудный путь – на нем вы не встретите конкурентов», – деген Шарль де Голль сөзі де қытай даналығымен үндес. Өмірдің мәні –

мансапта емес, мақсатта. Ұзақ жасау – бақыт, әрине. Десек те, Алла Тағаланың аманатқа берген аз өмірінде халыққа қалтқысыз қызмет етіп, ел айта жүрер айтулы еңбек жасаудан, ұлттың ұлы, халықтың құлы болудан асқан бақ бар ма?! Ғалым Мұтанов еңбегі осы биік деңгейде.

Сары аязда жата ма,

Қайнардың аққан тұнығы.

Қап түбінде жата ма,

Болаттың асыл сынығы, – депті Ақтамберді жырау.

Ғалым Мұтановтың азаматтық тұлғасын асқақтатып тұрған көп құпияның бірі, бәлкім ең бастысы – оның тектілігінде. Текіден текті туады. Ғалымның әкесі Мұтан (Махмұт) да, анасы Тиыштық та – тектілігін ел таныған болмысы бөлек бекзаттар. Арғы аталары атақты – Сатай батыр, әжелері – әйгілі Мәди ақынның немере қарындасы.

Жігітті ел мақтаған қыз жақтаған. Ғалымның жан жары Раушан Мәскеудің Болат және қорытпалар институтының түлегі, техника ғылымдарының кандидаты.

Елім деген ерлердің ешқайсысы ақын, жазушылар назарынан тыс қалған емес. Соның бір дәлелі – Ғалым Мұтанов жайлы ақиық ақын Кәкімбек Салықов:

Сен атын шығарам деп Қызылжардың,

Тоң мұзын қиындықтың бұзып жардың.

Ағылшын, орыс, неміс ғалымдары,

Мекеніндей көріп алды Қызылжарды,

– деп жырлады.

Өзін ойлаған құлқынның құлы, Халқын ойлаған ұлы. Ғалым Мұтанов халқын ойлаған қайраткер! Осы айтулы ғалым, көрнекті қайраткер Ғалым бауырымның елдің бәрі білетін ғылымдағы табыстары мен қайраткерлік қарымын, ұйымдастырушылық қабілетін тізе бастасам талай бетке жүк болар еді. Оның күні бүгінге дейін көтерілген биіктерін, әлем таныған еңбегін ел біледі. Менің білетінім соның бәрі оңайға түспейтіні, бақыттың оңай қонбайтыны.

Ни сна, ни отдыха измученной душе!

Мне ночь не шлет отрадного забенья.

Все прошлое я вновь переживаю,

Одним в тиши ночей, – деп жазыпты орыстың ұлы композиторы Александр

Бородин. Күнде демей-ақ қояйын, Ғалым Мұтановтың да ара-тұра осындай

күйде болатынына өз басым кәміл сенемін. Ғалым сынды ойшылдың

ұйқысын бұзатын ұлттық уайым аз болмаса керек.

Алпыс дейтін асқарға ендікпей көтерілген қайраткер бауырыма айтар ағалық тілегім!

Азаматсың!

Бас қамыңды ойлама!

Елсіз, ерсіз ешқашан той тойлама.

Жайсаңсың ғой, жарығың түсіп жан-жаққа.

Бүгінді емес, ертеңді жүр ойлана.

Талантыңмен асулардан аса бер,
70, 80, 90-дардың баспалдығын баса бер.

Аспандағы Ай мен Күндей жарқырап,
Жан-жағыңа үнсіз сәуле шаша бер!

Алтын сүйген азады, халқын сүйген озады. Халқын сүйіп, талантымен әлемге
танылған Ғалым Мұтановтың өмірі жасқа ғана емес, жасамысқа да үлгі.
Жасай бер, жаны жомарт, жолы биік жайсаңым!

Сәбит ДОСАНОВ,

жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты,

**Халықаралық Махмұд Қашқари атындағы «Түрік әлеміне сіңірген аса
зор еңбегі үшін» сыйлығының лауреаты**